

Л 2006  
11920к

Ол жылда  
Сүлейменов

Тандамалы  
тұындылары









«Өлең — сөздің пәншасы...»

Абай





12006/11920к

# ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ

Таңдамалы  
тұындылары

Өлеңдер



Аударған

Қадыр Мырза Эли

ISBN 978-9988-18-000-0

978-9988-18-000-0

Алматы

«Жібек жолы»

2005

© Сүлейменов О., 2005

© «Жібек жолы», 2005

Көшкөнбаев А., 2005

ISBN 978-9988-18-000-0

978-9988-18-000-0

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат  
комитетінің бағдарламасы бойынша шыгарылды*

**С 90 Сүлейменов О.**

Таңдамалы туындылары. Өлеңдер / Ауд. Қ. Мырза Әли. —  
Алматы: Жібек жолы, 2005. — 368 бет.

ISBN 9965-759-19-7

Көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет  
және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің екі томдық туын-  
дылар жинағының бірінші томына таңдаулы өлеңдері енді.

Басылым ақынның тұғанына 70 жыл толуына орай жарық көріп  
отыр.

**С 4702250202**  
**430(05)-05**

**ББК 84 Каз 7-5**

ISBN 9965-759-19-7 (1-т.)

ISBN 9965-759-18-9

© Сүлейменов О., 2005

© Мырза Әли Қ., аударма, 2005

© «Жібек жолы», көркемделуі, 2005

## **ҚҰБЫЛЫС**

Орыс тілінде көркем шыгарма жазатын өзге үлт өкілдері аз емес. Азаяр түрі де көрінбейді. Он сегізінші ғасырдың алғашқы жартысында молдаван Антиох Кантемир бастап берген осынау бір өміршең дәстүрді неміс халқының ресейлік дарынды өкілдері Иван Хемницер, Каролина Павлова және Лев Мей іліп әкетіп, кейінірек осы салада литван Юргис Балтрушайтис, армян Мариэтта Шагинян, грузин Ираклий Андрониковтардың біраз жемісті еңбек еткендері белгілі. Соңдай-ақ Георгий Поженян, Булат Окуджава, Фазыл Исқандер, Роман Солнцев (Ринат Суфиев), Инна Кашежева, Раим Фархади... тәрізді орыс тілінде бір емес, бірнеше өлең кітаптарын жазған тегеурінді топ, бірі — армян, бірі — грузин, бірі — абхаз, бірі — татар, бірі — қабарды, бірі — өзбек болғандықтарына қарамай, орыс әдебиетінің кәдімгі өз өкілдері есептеледі. Осы тағдырлас ондаған автор ішінде, қазақша өлең жазбаса да, өз ұлтының ақыны болып бөлектеу аталатын жалғыз ғана Олжас Сүлейменов. Бұл анықтаманы «Айналайын» атты мақаласында алғаш рет ашып айтқан және кесіп айтқан Леонид Мартынов болатын-ды. Мен өзім де соңдай пікірдемін. Бірақ пікірді айта салу бар да, дәлелдеу бар...

Дала ғой бұл,  
Дала ғой бұл сыралғы:  
Бірде буаз,  
Бірде қысыр бие — тын.

Кондыр бізді арғымаққа,  
Әйтпесе  
Тізeler де талып кетті малдастан.

Ақ сорпа ғып арғымағын көнілдін.  
Арғымақ ерні тұратын түсіп,  
Салбырап.

Тұн ортасы,  
Ақ жанбыр тоқтағанмен,  
Тамшылары барады тық-тық басып.

Бұл — бүкіл болмысы, бүкіл кәсібі төрт түлік малмен, әсіресе жылқы малымен, көбіне-көп аргымақтармен тығыз байланысты болған дала халқы, жауынгер елге ғана тән бедерлі бейнелер мен солардың көздері көбірек көріп, көбірек байқайтын құбылыш-көріністер.

Жанар-куннің  
Қаршыға  
Қарашибігі секілді.

Жұнін жұлған қырғи — менің журегім.

Сен ақ қоян болған кезде,  
Қып-қызыл  
Түлкі болып қараса құн пайымдац.

Бұл — негізгі тірлігі табиғатпен тығыз байланысты, демек, аңшылықпен барынша біте қайнасқан саятшыл халық қана алдымен аңғарып, алдымен жырға қосар сахара суреттері. Мәселе ақынның тек осылай жазуында ғана емес, солай жазу үшін со-лай көре білуінде. Бұл жердегі көз — қырагы қырданың көзі.

Бір ғажабы, автор дағаны ғана дағалықтың көзімен көріп қоймайды, қаланың өзіне де қыр тұрғыны болып қарайды.

Тұмсығындағы қасқырдың  
Көкке қарап  
Кү мұнара ұлды жалынышты.

Бұл мұнара, әрине, осы заманның мұнарасы емес, көне заман сілемі — қу мұнара. Тұмсығын көкке қаратып ұлуы, итше ұлымай қасқырша ұлуы, қасқырша болғанда да жалынышты ұлуы тегіннен тегін дей алмаймыз... Міне осы тұстан біз Олжас поэти-касының екінші тамырына тап боламыз. Ол — тарих.

Төңкерілген қазандай оба-дөңдер.

Жұлдызды көк тәбеңнен тәңкерілген  
Шұрық тесік үқсайды дұлығаға.

Ай сәулесі қанжарындағы батырдың.

Бұл, әрине, таза тарихтың өзі емес. Оған сәл кейінірек тоқталмақпаз. Ал әзірше ақынның сөздік қорына, оның замана түкпірлеріне тереңірек көз жіберетін тарихи дүrbісіне, бейнелеу құралдарына ғана мүмкіндігінше назар аударып отырмыз. Әр дәүірді сол дәүірдің өз бояуымен суреттеу — шын дарынға тән қасиет. Өзге тілде жаза отырып, өз ұлтының өкілі болып қалу — тіптен ерекше құбылыс... Кейбір сәттерде Олжас шығармаларының өзі «Игорь жасағы туралы жырды» еске салғандай болады. (Ақынның болжамы бойынша ол дастанның авторы екі тілді қатар білгенге үқсайды.)

Скажи негромоке:  
Жаным, аз тә обичам.  
Подай мне руку,  
есть у нас такой обычай.

Алку не спеша отстегнула.

Осы екі үзіндідегі ерекше екі сөзге айырықша назар аудару үшін мысалдарды ана тілімізге аудармай-ақ, әдейі түпнұсқа қүйінде ала тұруға тұра келді. Әйтпесе қазақша шумақтағы қазақ сөздері орысшасындағыдай бірден дараланып, көзге бірден түсे қоймас еді. Қысқасы, осы үзінділердегі «жаным» мен «алқаның» орыс тілінде баламалары жоқ емес. Бар, әрине. Бірақ соларды автор әдейі қазақша қүйінде алып, сол арқылы өз жырына ұлттық ең, ұлттық сипат беріп отыр. Тіпті орысша айтып отырып та кейде Олжас кейбір қазақы ұғымның ұлттық реңін сақтай біледі.

Налей-ка, отче, синего чаю.

Әдетте қазақ жасылдың өзін көбіне-көп жасыл демей, көк деп атайды. Жасыл теректі көк терек, жасыл шөпті көк шөп, жасыл шапанды көк шапан деп айтуға өбден әдettengenбіз. Соның бірі жасыл шай. Қазақ оны да, жасыл шай демей, көк шай деп кеткен-ді. Соны жақсы түсінген Олжас, орыс тілінде оның

«зеленый чай» делінетінің біле тұра, жоғарыдағы үзіндіде «сийи чай» деп отыр. Демек, автор айналадағы өмірді қазақ бол көріп қана қоймайды, қазақша қабылдан, қазақша ұғынып, соның арқасында өз ана тіліне баяғыда айналып кеткен орыс тілін қазақы ерекшеліктеге қызмет еткізе біледі.

Осы көркемдік арсеналдардың өзімен-ақ біраз жерге барып қалуға болар еді. Бірақ табиғатынан шыншыл, алды-артын бірдей бақылап, қашанда қырагы болуға әбден машықтанған парасатты дарын, басқа да суреткерлік мүмкіндіктер толып тұрганда, өзін-өзі бір ғана ұлттық шеңбермен құрсал тастауды ол о бастан құп көрмеген. Жиырмасыншы ғасыр поэзиясын, өсіреле жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы орыс поэзиясын, оған қоса әлемдік өлең-жырды тәптіштей тексеріп, өнер жолындағы екінші баспадақ — халықаралық биіктікке ертерек қанат қагуды дұрысырақ деп тапқан. Оның ұлттық өрнектегі алғашқы айқын суреттері ғылыми-техникалық прогрестің қым-қигаш жаңа оюларымен байи бастады. Дәлірек айттар болсақ, құрделене түсті.

Гүр-гүр етіп,  
Кіреді аспан әйнектен.

Терен құдық — бұл өзі  
Жерге қаққан дәу дүрбі.

Сен Атлантида бір кездे мұхит жұтқан,  
Сұңгуір боп көшенді аралаймын.

Байқайсыз ба, өлеңдердің обьектісі де және оны бейнелейтін, бейнелеуге тиіс сөз бояулары да біртүрлі өзгеріп сала берген сияқты. Уақытта, заман да басқа. Сондықтан ба, ақын қолтаңбасында, автордың өміртанымында сәл-пәл үргедек сақтық байқалады. Иә, бұл небары поэтикалық барлау ғана.

Телетайп — жүрегің не біледі?  
Сынық бұтақ  
Құлап түскен биіктен  
Альпинистің жансыз қолы тәрізді.  
  
Кенияның жалауын жамылғанда  
Аумайды екен тас мұсін футуристен.  
  
Қолыма алып таудың рейс-федерін.

Жоғаласын содан соң  
Қайта сініп  
центрифуга,  
микроскоп арасына.

Мәселе тек телетайп, альпинист, футурист, рейс-федер, центрифуга, микроскоп сияқты осы заман өкелген әрқиылды атаулардағана ма?! Әрине, олардың өлең-жырға баса-көктеп, кимелеп кірулерінің өзі үлкен қоғамдық, әлеуметтік өзгерістердің айқын нышаны. Ал оларды өз еркімен бейнелеу құралдарына айналдыру — ақындық принцип, көркемдік кредо.

Бұл өмірде тузы нәрсе —  
Жалғыз-ақ  
Шексіздікке бағытталған Пи гана.

Бұл тармақтарды екінің біріне түсінікті деу қын енді. Бірақ өнгелер түсінбейді еken деп, өмір ағымына қарсы журу, ғылыми-техникалық прогрестен көркем сөз өкілі ретінде бас тарту тіптен дүрыс болмас еді. Пи дегеніміз — шартты түрде гректердің «П» әрпімен белгіленетін шенбердің диаметріне қатынасы. Күрделісі күрделі, әрине. Эйтсе де, күрделі ой, күрделі пікір, күрделі құбылыстар өздеріне лайық күрделі теңеулерді де керек қылатын болулары керек.

Қайткен күнде де, Олжасты Олжас, оны заманымыздың озық ақыны етіп тұрган басты бір белгі — міне осы. Тамыры — туган үлтynда, үшар басы — замана биігінде... Қазақ оқырманы оның топырағына үңілсе, орысша оқитындар оның жайылған жапырағына көз тігеді. Біреуінің қалтқысыз қабылдағанын екіншісі кірбіңсіз қабылдай бермеуі де мүмкін. Олжастың аты-жөнін жақсы билетін жалпы жүртшылықтың бәрі бірдей Олжас өлеңдерін терең түсінеді десек, ағаттық болар еді.

Рас, Олжас тілге гана емес, көнілдің өзіне ә дегеннен қона кеттепейтін ғылыми-техникалық атауларды жетіскеннен пайдаланбайды, қажеттіліктен, кейде тіпті мұқтаждықтан пайдаланады. Жұмыр да жатық шымыр жолдар ішінде бұлтиып бөлек тұрмасын деп, ондай оғаштау оқыс сездерді өздері тектес, немесе дыбыстас, үндес екінші бір сездермен бауырластырып, жымдастырып, кейде тіпті некелестіріп жіберуге қатты әрекет етеді.

Балладаңыз быламық бол,  
Кемпірлер  
Блокпенен жоғарлайды Блокқа.

Танк болып тапта жапон танкасын  
тәрізді ойнағы каламбурлар кейде замана адресіне бағышталған  
аңы мысқылға, қышқыл кекесінге айналады.

«Цивилиз» «сифлис» бол шығады —  
Арабтардың тілі де бір,  
Ән де бір.

«Кастрид» деп,  
Қысып ұстап көмейді,  
Енді қандай ет берсең де жемейді.

Бұл үзінділердегі «цивилиз», «сифлис», «кастрид» (гастроид) сияқты «тәрбиелі» құлақтарға бірден түрпідей тиетін сүйкімсіздеу сөздерді, кедір-бұдырын тегістеп, аударып-ак жіберуге болатын еді, аудармаңық. Қазақша баламаларын таппаганнан емес. Кейде табылып та қалады. Аудара қалған жағдайда өлеңнің кілтифанды қылт етіп қолдан шығып-ак кеткелі түр. «Civilis» латын тілінде азамат, азаматтық мәнді берсе, «цивилизация» қоғамдық дамудың деңгейін білдірмей ме?! Ал автор сол деңгейінізді әдей «сифилиспен» үйқастырып қойса (кейіпкердің аузымен, әрине), тегіннен тегін емес. Дәл қазір, бүгінгі таңда, жиырма біріншіғасыр өркениеті замана індетіне айналған СПИД-пен үштасып жатса, сифилисіндің сез болып па тәйір!..

Ал енді доңызың етін жеп қойған діндәр қарттың аузына гастроид сөзін «кастрид» етіп, өнін айналдырып салу арқылы, автор бүгінгі молдаларды барынша әжуа қылады. Оларды молда емес, рухани мәтек етіп көрсетеді.

Әрі оқып, әрі аудара жүріп, ширек ғасыр ішінде байқаған бір нәрсем — Олжас өлеңдеріндегі астарлы мысқыл. Әзіл емес, кісі өлтіретін көдімгі аңы кекесін.

Қаламақы төленбесе,  
Ол жырды  
Қатыны да түсінуден қалады.

Сен құдайдан тудым дейсің,  
Надандар  
Өзі, сірә, туа ма екен тектіден!

Қол согады түсінде халық саған,  
...жатса біреу аулада кілем қағып.

Салынды әйнек,  
Құлап түсті үй бірақ.

Мимырт ұлу ойлайды  
Жүйткіп шауып келем деп.

Бір жылқы бар әр адамның күшінде,  
Философ бар әр есектің ішінде.

Әр өлеңнен амалсыз үзіп-жұлқып, суырып-суырып алған суыртпақ мысалдар біреуге түсінікті, біреуге түсініксіз шыгар. Ал, менінше, алды-артынсыз, осы тұргандарының өзінде тотия-йынның қою ерітіндісіндей тамған жерін ойып түседі-ау, ойып түседі!.. «Бесік жырын тышқанның» («Серая мисс») ұқыпты оқысаныз, тұтас жатқан жалпақ сатира әлеміне тап боласыз. Ана тышқан бала тышқанға өз күйінішін былай деп жеткізеді:

Ақ сұңқарым,  
Айыптымын мен саған.  
Ауырлық бар,  
Қызындық бар қаншама!  
Алып келдім дүниеге,  
Тышқанға  
Тіршілік жоқ мысықтардан самсаған.

Айналайын,  
Көп қасірет,  
Көп қайғы.  
Мысықтарды мысық қана таптайды.  
Койдың өзі қой дегенге қарамай,  
Мысық тауып,  
Мысық болып қаптайды...

Әттең, елу шақты өлең тармағынан тұратын осы бір үдай зәрлі туындыны түгелдей мысалға келтіруге мақаланың көлемі

көтермейді. Бірақ осы екі-ақ шумақ үзіндінің өзінде қаншама астар, қаншама запыран жатыр!

Ақын туралы пікірді сен айтсан да, басқа айтса да, айттырып отырған, айтуға мәжбүр қылып отырған — сол ақынның творчестволық құдіреті болуға тиіс. Мақтағың келсе де, даттагың келсе де, талағын табиғатына тән емес нәрсені әдебі ұлғайтып көрсету — әдеби әділдікке үйлеспейді... Олжас Әлендерін оқып отырғанда:

Жалған тенге шын тентені күндейді.

Ана сүті арамдыққа суарса,  
Сиыр сүті ала алмайды сені емдеп.

Доңыздау болмай болмайды  
Дүлейлеу болғын келсе егер.

Албастысы болады әсте әр үйдін.

Титтей қате — мәңгілік,  
Сәл-сәл бояу — шеберлік...

Сияқты қанатты сөзге айналып кеткелі тұрган ойлы оралымдар күтпеген жерден оқыс бой қөрсетіп отырады. Бірақ Олжастың бүкіл жырлары осында мақал-мәтел іспетті нақыл сөздерден тұрады дәп тұжырымдау сәл орынсызыдау болар еді. Ойшылдық оған жат емес. Сөйте тұра ол, негізінен, суреткер ақын. Шын мәнінде сез суреткери.

Қай заман, қай елдің ақыны болмасын, оның көркемдік әлемі туралы әңгіме, сайып келгенде, шеберлік жайындағы әңгімеге барып тірелмек. Дарынның барын, не жоғын анықтауға болады. Бірақ дарын өлшенбейді. Өлшенетін, меніңше, шеберлік қана!

Шеберлік! Өзіне өзі әрең сыйып тұрган аса үлкен ұғым. Онда шек жоқ. Өнерпаздың соры да сонда, бақыты да сонда. Сорың — ешқашан түбіне жете алмайсың. Бақытың — қанша жүре алсаң, сонша мүмкіндігін бар. Көкжиек. Көкжиек. Көркемдік көкжиегі.

Иә, шеберлікке дауа жоқ. Нагыз ағаш шебері, басқа құралдарды былай қойғанда, батпандай балтаның өзімен түйін түйіп, оймақтай дүние жасап бере алады.

Бүкіл өнердің тегі бір. Олардың бәрі Дарын мен Шеберліктен тұрады.

Көркем әдебиеттің құралы да — сөз, материалы да — сөз. Сөзді сөзбен шабады. Сөзді сөзбен жонады. Сөзді сөзбен оймыштайды. Қажет десеңіз, сөзді сөзбен күйдіреді.

Сөзде түбір мен журнақ, жалғау мен шылау ғана емес, әрбір дыбыс, әрбір әріп өзіне лайық белгілі бір жүк көтеріп тұруға тиіс. Иә! Иә! Басқаларын былай қойғанда, бір ғана әріптің өзі мәселе шешеді кейде...

«Қыш кітабында» сәл ғана көрініп, содан кейін мұлдем мәнгі гайып болатын өткінші егіз кейіпкер бар. Екі кейіпкер — екі кеменгер.

Арем. Базар.

Күн балқытқан қойтасты.

Бір екі ми

Айқасудай айқасты.

Бірі — үндіс А-брахм сидиган,

Жас болса да,

Агарптаган жай шашты.

Брахм-А.

Ол — иудей болатын...

Бір мықтының аты — А-брахм, екінші мықтының аты — Брахм-А. Бұлар өзі қайдан шыққан, неғылған кейіпкерлер? Оның бәріне жауап беріп жатуға дәл қазір мүмкіндік жоқ. Мақаланың көлемі көтермейді. Қазіргі мәселе олардың затында болмай, атында болып отыр. Неге А-брахм? Неге Брахм-А? Ең бастысы: неге Брахм? Неге ол, мысалы, Асан емес? Оны да А-сан және Сан-А деп екіге жіктеуге болар еді гой. Болуын болады, әрине. Бірақ, мәселе жалғыз жіктеуде ғана ма екен?! Мәселе, менінше, таза Брахмның өзінде. Және оның алдына А қоссан, А-брахм (Абрахм) болатынында.

Брахм — санскрит тілінде брахманизм мен индуизмнің негізін қалаушы үш құдіреттің бірі. Ал философтар болса — ақылдың пірі. Демек, басқа сөздерге яки басқа есімдерге қарағанда, дәл осы арада Брахмның правосы молырақ. Ол қатардағы жай ғана әбеконың сөз емес, ішкі мазмұнға әбден бай философиялық ұғым. Бұл — біріншіден. Екіншіден, жаңа ғана айттық, оның алдына А қоссаның — Абрахм яки Таю Шығыстың көне тұрғыны болып шыға келеді. Демек, бір философ ежелгі Үндістаннан болса, екінші

философ көне цивилизацияның алғашқы бесіктерінің бірі — әлгі айтқан Таяу Шығыстан. Таза дыбыстық немесе есім түргысынан келгенде А-брахмды Иудеяның, ал Брахм-Аны Үндістан өкілі жасау керек сияқты. Бірақ автор, біле тұра, әдейі олай істемеген...

Мұның бәріне бірдей қатардағы қарапайым оқырманның мән беріп жатпайтыны рас. Алайда екінің бірі мән бермейді, екінің бірі түсінбейді екен деп астарсыз шығарма жазуга бола ма?!

На озерах Кургальджино  
августовская кутерьма, —

деп басталады ақынның бір өлеңі. Барынша сәтті жазылған жыр. Аударғанда да мен оны сүйсініп аударғанмын. Бірақ мысалға қазақшасын алмай, түпнұсқасын алуға мәжбүр болып отырмын. Баршамызға аян: бүкіл қазақ бұл көлді Қоргалжын көлі дейді. Ал автор оған «о» қосып, «Кургальджино» жасаған. Неге? Неге, бәсе? Оған Леонид Мартынов былай деп жауап береді. Жоғарыдағы мысалымыз секілді үстаз ақынның сөзін де аудармай сол күйінде алғанды мақұл көрдік. «...в стихах Олжаса Кургальджин превратился в Кургальджино. Мы, русские, мы, славяне, приняли в свою поэтическую речь, как это правильно отметил Олжас в своем исследовании о «Слове о полку Игореве», кое-что от тюркского Востока. А вот теперь казахский поэт отметил в своих стихах русское восприятие названия казахского озера. Озеро — значит «оно», не Кургальджин, а Кургальджино».

Бұдан, әрине, Қазақстанның кез келген өзен-көлінің соңына «о» әрпін қоя беру керек деген қорытынды шықпаса керек. Мәселе әр тілдің өз қасиетін, өз ерекшелігін терең түсініп, тиімді пайдалана білуде... Бұл — бұл ма, ақын енді бір жерде:

Қос мүйіздей тарамдалған өзенди  
Сырдария деп атаган қосоқтар,—

дейді.

Бұлай деп батыл жазу үшін, солай ұғыну үшін, адам алдымен сол өзеннің бүтінін гана емес, өткенін де яки бірнеше ғасырлық тарихын да жақсы білуге тиіс. Арнасынан әлдененеше ауытқыған асау дарияның бір кездерде автор айтқандай дәл солай аталуы әбден мүмкін. Бір сөз бойынан бір әріптің, араға жылдар, ғасырлар салып тіптен жоғалып кетуі біздер үшін жат құбылыс

емес. Кигіздің киіз, құмғанның құман болып шыга келуі біздер үшін баяғыдан таныс құбылыс. Әдетте, өмір шындығынан гөрі көркем шындық әсерлірек көрінеді. Бірінші шындыққа сенінкіремей, екінші шындыққа бірден иланып қаласың. Байқайсыз ба, мәселе тағы да бір әріптің, бір ғана әріптің төнірегінде. Сол бір ғана әріптің арқасында Сырдарияның Сырдария боп шыға келді. Неге солай аталғанын сол екі тармақтың өзінен табасың: «Қос мүйіздей тарамдалған өзенди, Сырдария деп атаған қосоқтар».

Тарихсыз халық — тамырсыз қаңбақ. Қаңбақ-халықтың бүтіні болуы мүмкін, бірақ болашағы жоқ. Соны түсінген ел яки Ел болам деген ел ең алғашқы ұлы қадамын өз тарихын зерттеуден, өзге тарихтарға үнілудан бастамақ. Қай халықтың болмасын сабак алатын бірден-бір университеті — адамзат тарихы. Өз елі, өз жүртінің өткен-кеткенінен бейхабар адам — бейгам адам. Мәңгүрт болудың бірінші шарты — шежіреңе мән бермеу, тарихында танымай. Осылай ойлап, осылай үққан Олжас «Аз и Я» және бұдан екі мың жеті жүз жыл бұрын өткен көне хикаяға яки «Қыш кітабына» кіріспей тұрып, ата-бабаларымыздың әргі-бергі дүрбелен тарихынан алып, «Шынғыстауга жатыр таяу сазарып», «Жыр толғағы», «О, сәйгүлік!», «Батыр Мәмбеттің өлер алдындағы сөзі», «Ант», «Куман жыры», «Ақсақ құлан», «О, ақсақ Темір!», «Домбырасын қасып шертіп ақырын», «Жүректі қалай жұбатам?», «Құм көшкіні», «Хабаршылар», «Махамбетке», «Махамбеттің өлер алдындағы ойы», «Көне заман турасында күпті ойлар», «Ақын Сметтің ақырғы сөзі» тәрізді толып жатқан шежіре жырлар жазады. Тек өз тарихымызбен ғана шектеліп қоймайды. Іргелес қонған орыс халқының өткеніне үніліп, «Россия», «Асқан ару Глебовнаның жоқтауы», «Күзгі Москва», «Даңқты түкпір», «Пушкин алаңы», «Шагын ғана өртегі», «Декабристер», «Сөүір», «Кий — қайықшы» сияқты тағы бір толтама жазып, «Аз и Яға» жақындаған қояды. Кезінде әртүрлі дау туғызғанына қарамай, бұл кітап, мениң түсінігімде, екі елдің арасын ажырататын еңбек емес, жымдастыра түсетін еңбек.

Қырық жылға созылған Олжас творчествосында ерекше назар аударатын, ал егер назар аудара қалсақ, міндетті түрде біраз таң қалатын сәттер бар. Мысалы, ақынның «Аргымақтарын» алайық. Небары екі мың жарым ғана тиражбен жарық көрген бұл жинақ — Олжастың тұла бойы тұнғышы. Тұнғыш екенінен

қарамай, бұл жинақтан да бірнеше жақсы жыр таба аласыз. Олжасты бірден көре қою қыын. Дәлірек айтсақ, Олжас бар. Бірақ айқын емес. Көмескі. Құңғір. Әйтсе де осы кітаптың аты кәдімгідей көрегендікпен «Аргымақтар» деп дүрыс қойылған екен. Өлең секілді өнер сапарына Олжас жабы мінбей, сөйгүлік мініп шығыпты. Осынау, негізінен, символдық қана міндет атқарған алғашқы жинақтан, араға бір жыл салмай жатып, 1962 жылы «Нұрлы тұндер» жарық көрді. Мениңше, шын Олжас, нағыз Олжас осы кітаптан басталады. Мән бермей кетуге болмайтын тағы бір жәйт: бұл екінші жинағына автор алғашқы жинағынан жалғыз-ақ өлең «Аргымақтарын» енгізіпті. Өз басым оны тегінен тегін деп айта алмаймын... Қысқасы, «Нұрлы тұндерде» сол кездегі жас ақын бірден ғасырлар қабатына бойлап, тіптен әрілеп кеткен көне тамырға — халық тарихына қол созады. Ата-бабалар аруағына барлау жасап, одан бүтінгі өз Азиясына қайтып оралады. Содан Америкаға саяхат жасайды.

Ескерте кететін екінші бір жәйт: ақын «Аргымақтар» мен «Нұрлы тұндер» арасында «Адамға табын, Жер, енді!» поэма-сын жазып, оны да жариялад үлгерген-ді. Бұл Олжас үшін ғана емес, бүкіл әлемдік поэзия үшін мұлдем жаңа тақырып болатын. Ол тақырыптың пионері де — біздің әріптесіміз.

Жоқ Шығыс,  
Жоқ Батыс та,  
Жыр-Отаным!  
Бар кешін,  
Бар әдемі бұла таңын.  
Жоқ Шығыс,  
Жоқ Батыс та,  
Кәдүілгі  
Егіздей екі ұлы бар ұлы атаның, —

деген интернационалистік концепцияны ақын осы жолы батыл үсынған болатын. Оған шейін әйгілі Редьярд Киплингінің:

О, Запад есть Запад,  
Восток есть Восток, и с мест они не сойдут  
Пока не предстанет  
    Небо с Землей на Страшный господний суд.  
Но нет Востока, и Запада нет, что — племя, Родина, род,  
Если сильный с сильным лицом к лицу у края земли встает? —

деп келетін атақты шумагы әдеби әлемде аксиома сияқты көрінетін. Ең бірінші рет оған қазақ ақыны қарсы дау айтты. Және жай айтқан жоқ, көкейге қонымды қылышп, орынды айтты. Елдер елең ете қалды. Олжас мұнымен де тоқтап қалған жоқ, кейін «Шапағатты шақ» кітабында бүл мәселеге тағы бір қайта оралып, «Айналайын» атты өлеңінде былай деп түйіндейді:

Бабаларым шабысып һәм атысып,  
Болған әбден қателесіп,  
Шатысып.  
Батыс болса —  
Шығысыңың шығысы,  
Ал Азия —  
Батысыңың батысы.

Мен қайғырам,  
Зәбір керіп қай халық,  
Қасіретке батар болса қайғы алыш.  
О, Қара Жер, бар дертінді қабылдалап,  
Жүрейін мен үйріліп,  
Айналып!

Басқа тілде баламасы жоқ «айналайын!» сөзінің тұра мағынасын да, ауыспалы мағынасын да осы тұста Олжас әбден толық пайдаланған. Пайдаланып қана қоймай, әдеби тірлікте барынша іске асырган. Қара жерді әлденеше айнала жүріп, халық-аралық тақырыпта қаншама өлең жазды! «Уа, Алабама!», «Колумбия перзенттері шырайлы», «Нью-Йорк нөсері», «Ниагара түні», «ООН ордасындағы негр», «Отельдің әйнегінен қараганда», «Индея», «Лувр», «Луврда мен соқыр көрдім серікіз», «Құдіретті Монмартрдың», «Көне грек ойын-тойлы», «Грекиямен қоштасу», «Қара мен қызыл», «Кашмир қышлағынан келген ақын ару», «Сүмбіле айындағы Библос», «Баалбек — күн храмы», «Кения жазушысы Джеймс Нгугидің еркін өлең туралы толғауы» тәрізді толып жатқан өлеңдер — жай гана қонаққаде болмаса керек. Жүрек талабынан тутган жемісті жырлар... Ақын өлеңдерін тақырыпқа даралап, жеке-жеке безбендең, олардың ара салмағына айырықша назар аударар болсақ, Олжастың әлем жөнінде жазған поэтикалық туындылары оның өз Қазақстаны туралы жазылған дүниелерінен басымырақ түспесе, кем түспейді. Бүл ақынның алыс елдерді өз елінен жақынырақ қойғанынан немесе

өздерінізге қарағанда өзгелерді жақсырақ білгенмен, не жақсырақ көргенмен емес, әрине. Жоқ, мәселе мұлдем басқаша. Ол — өзін өзгелер арқылы тану. «Азиямен салыстырып әр сәтін Европа өмір сүріп келмей ме?» дегеніндей, ақын өзінің Андрей Вознесенскийге арнаған бір өлеңінде:

Танып-бліп өзімізді өзгеден,  
Көшеміз біз өзімізді бетке алып, —

деп түйіндейді. Басқа бауырлас халықтар сияқты біздер, қазақтар да, бәрін көріп, бәрін үйренгіміз келеді. Үйрене тұра өзімізді өзіміз жоғалтып алмағанымызды қалаймыз. Олжастың да ақындық һәм азаматтық мақсат-мұддесінің өзі осы болса керек. Бүкіл жұмыр жерге ортақ перзент бола жүре белгілі бір ұлттың ұлы болу, орысша жазып, қазақ ақыны болу, басқаларды білмеймін, Олжастың өз басына жарасып-ақ тұр. Неге екені белгісіз, ол маған үнемі жаңғақ ағашын еске салады. Жаңғақ қай жерде де жаңғақ. Бар мәселе — оның тамыры мен жапырағында...

Олжас — ақындығымен қоса қоғам өміріне де белсене арасынан, қайраткерлік дәрежеге көтеріле білген азамат. Ол «Невада — Семей» халықаралық қозғалысына басшылық жасап, жерімізді улап, тіршілік атаулыға кесел келтірген ядролық сыйнақты тоқтатуға мұрындық болды. Көп жылдар бойы Италия, Греция мемлекеттерінде Қазақстанның Төтенше және Өкілетті Елшісі міндеттін атқарып, жас тәуелсіз еліміздің шетелдермен қарым-қатынасын нығайту ісіне атсалысты. Бүгінде ол ЮНЕСКО-ның Қазақстан Республикасындағы тұрақты өкілі.

*Қадыр Мырза Әли.*

# Әлеңдер

- «Арғымақтар» кітабынан
- «Нұрлы тұндер» кітабынан
- «Қылышты тұн» кітабынан
- «Шапағатты шақ» кітабынан
- «Мешін жылы» кітабынан
- «Қыш кітап» кітабынан
- «Қалаулы қайырма» кітабынан
- «Көңіл көкжиегі» кітабынан
- «Жалынның шалқуы» кітабынан
- Әр кітаптан

## АРҒЫМАҚ

Дала қандай!  
Даладағы ат қандай!  
Несер шөпке белшесінен батқандай.  
Күйгүтсам бір,  
Дала,  
Қала  
Болады-ау  
Көз алдымда аунап бара жатқандай.

От тигендей  
Асау қанға,  
Етіңе,  
Арғымағым,  
Шығып жедің өтіне,  
Шабуылдан,  
Күрыш-болат түяқпен  
Перглеші  
Жалтақ жолдың бетіне!

7 акпан, жексенбі, 1971.